

**Қазақстан Республикасы Павлодар қаласының Ильич және Индустриальный аудандық соттарын тарату, Павлодар қалалық сотын құру және кейбір аудандық және қалалық соттарын қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 8 сәуір N 115

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар N 2694

U952694\_

Жарлығының  
10-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір өзгерістерге байланысты қаулы етемін:

1. Павлодар қаласының Ильич және Индустриальный аудандық соттары таратылсын.
2. Павлодар облысының Павлодар қалалық соты құрылсын.
3. Мыналар:
  - Алматы облысының Қаскелең аудандық соты Алматы облысының Қарасай аудандық соты болып;
  - Жамбыл облысының Луговой аудандық соты Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов аудандық соты болып;
  - Солтүстік Қазақстан облысының Совет аудандық соты Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың аудандық соты болып;
  - Ақтөбе облысының Актюбинск қалалық соты Ақтөбе қалалық соты болып қайта аталсын.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Үмбетова А.М.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК